

## ТІЛ – ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚ

\*Оспанова Г.Т<sup>1</sup>.

\*<sup>1</sup>аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы,  
e-mail: Maryama140870@gmail.com

### Аңдатпа.

Мақалада адамның өмір жолы – бұл белгілі бір қоғамда жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту процесі екені көрсетіледі. Сонымен қатар, өмір жолы тарихи оқиғаларға, тәрбие тәсілдерінің өзгеруіне, өмір салты мен қарым-қатынас жүйесінің өзгеруіне, жалпы құндылықтар мен өмірлік бағдарлама – бұл адамның өміріндегі мақсаттар мен мағыналар. Бұл жағдайда адамның тіршілігі этнососоциомәдени ортада жүретіні аталынады..

Әр этномәдениеттің өзіндік ерекшелігі – оның құрамдас бөліктерінде. Мысалы, тіл, дәстүрлер, нормалар, құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа этностың нақты тәжірибесі түрінде беріледі. Ол адамның өзінің пәндік әлемін және қоғамдық қатынастар әлемін өзгерту қабілетінде өзекті болады. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда этномәдениеттің әлеуеті қоғамды шоғырландыру, елдің біртұтас әлеуметтік кеңістігін сақтау, этноұлттық шиеленістер мен қақтығыстарды жеңу, этникалық мәдениеттердің теңдігі, сондай-ақ жеке тұлғаны әлеуметтендіру, оның қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асырудың мағыналық негіздерін анықтау үшін толық пайдаланылуы мүмкін.

Этномәдениетті зерттеушілер дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мінез-құлық нормалары, әлеуметтік өзара қарым-қатынастар және басқа факторлар негізінде халықтың өмірінде қалыптасатын материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде түсіндіреді .

Сонымен қатар этникалық мәдениеттер тек дәстүрлі өмір формалары ғана емес, сонымен қатар архетиптер жүйесі, адамның табиғатпен және қоғаммен қарым-қатынасын реттейтін құндылықтар әлемі.

Бұл мақала мемлекеттік тілді оқытудың кезеңдерінің басты бағыттарының бірі – этносаралық мәдениетті қазақ тілін дамытудың негізгі тірегі етіп алудың ғылыми және тәжірибелік жолдарын сақтау бағдарламаларына орай жазылған.

Автор Қазақстандағы жер атауларының жекелеген деректерін арғы замандар, «Авеста» жәдігері тілімен сабақтастыра қарау бағытында бірнеше сөздің этимологиясын қисындайды. Мұндағы мақсаты қазақ тілінде сақталған этномәдени құндылықтарды, яғни ата-бабамыздан қалған материалдық, рухани және әлеуметтік құндылықтарды, тану және қолдану, оны болашаққа жеткізу үшін әсіресе мемлекеттік қызметшілердің терең біліктілігі мен жанашырлығы керек екендігін айту.

**Тірек сөздер:** құндылық, тіл, мәдениет, халық, этномәдени, мәдениет, дәстүр, салт, ұлт, лингвистика, сөз өнері, қарым-қатынас, жазушы.

### Негізгі ережелер

Философиялық, психологиялық, педагогикалық термин ретінде «аксиология» ұғымының түп-төркін, шығу тегі мен мәнін анықтауға, саралап танытуға, талдауға бағытталған зерттеулердің ұдайы жүргізіліп келе жатқандығы, кейінгі 30 жылдай уақыт көлемінде кезінде Кеңестер Одағы құрамында жасаған ұлттар мен ұлыстардың мәдениеттану, әдебиеттану, саясаттану, философия, психология, педагогика ғылымдары ауқымында кешенді пәнаралық зерттеулерге тартылу үдерісі жедел бел алып, қарқындап

отырғандығы этномәдени құндылықтардың әлемдік мәдениеттің тарихи арналы, дәстүрлі басым бағыттарының айғағы болса керек.

### **Кіріспе**

Этномәдени құбылыс жекелеген салт-дәстүрлер, ғұрыптық ерекшеліктер, әдеп пен әдет төңірегінде ғана танылмайды, адам баласының тіршілігінде қастер тұтатын дүниесінің барлығы – құндылық.

Белгілі бір ұлт жағдайында оның тілі, діні, ділі – басты құндылық. Туған жер, атақоныс қазақ тарихындағы мейлінше қастерлі ұғым. Жер-су атаулары – қазаққа ғана тән дерліктей, өзгеше бір құндылық.

«Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтана – молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді. Тіл диалектикасы – жасаған сайын жасара беруінде. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі» [1, 290б.], – дейді Ғабит Мүсірепов.

«Сөзді қалай болса солай пайдалана берсең, сөздің жүзі мұңалып, ұшы майырылады да, айтайын дегенің құлаққа қонбайды. Абай айтқандай, көңілдегі көрікті ойдың айтуы келіспесе түкке тұрмай қалады.

### **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Көркем әдебиетте әрбір сөздің өз тұрпаты сақталуға тиісті. Тілге бай, тілі жақсы дегенде ешбір жазушы жаңадан сөз тауып, сонысымен бай, сонысымен көркемдікке жетпейді. Халқының тіл байлығында бар сөздерді дұрыс тұрпатымен пайдаланып, сол қордан алынған сөздерден жаңа теңеулер, жаңа бейнелеулер арқылы тілге бай, тілге шебер деп аталады. Әсіресе, дауысты дыбыстар мен дауысты буындарды кескілеу сөздің тұрпатын бұзумен бірге сөйлемнің ішкі ырғағын да бұзады. Ат жорғалап келе жатып шауып кетсе, желіп келе жатып сүрініп кетсе қалай көрер едік? Сөйлемнің ырғағын бұзу да соған ұқсайды.

Зерттеуде сипаттау, жинақтау, салыстыру әдістері қолданылады.

### **Нәтижелер**

Жиырмамыншы жылдардың ішінде әдебиетімізге «қайдам» деген сөз кірді. Қазір ол көп жазушылардың еңбектеріне кіріп алыпты. Тіпті орыс геройларына «қайдам» деген сөз беретін жазушыларымыз да бар» [1, 292 б.].

Сөз зергері Ғабит Мүсірепов қазақ жазба тіліне «жапатармағай» еніп жатқан көп қолданысқа жақтырмай қарайды. Тіл байыту болса қуанар еді. Тілбұзар қолданыстарға тіксінеді.

«Берірек келе – жазира, салиқалы, салауатты жыр, музыкалық хабар, қоғами, «сыни пікір», «мақамшылық өнері» деген жаңылыс алынған сөздер қосылып келеді.

Жазира – арап тілінде «арал» деген сөз. Оны біздің жазушылар гүл бақшалы жер үйек мағынасында алып жүр. Бұл дұрыс емес.

Салиқалы деп мақтау үшін алдымен осы сөздің «салиқа» деген түбірі немесе соны білуіміз керек. Ондай түбір табылар емес. Ал, салиқалы деген сөздің өзін алсақ, бұл бір Шахмет мархұм айтқандай – ухам сомнение, құлаққа жағымсыз, мағынасыз сөз. «Салауатты жыр» – тіпті өрескел алынған. Біз молдадан оқып жүрген кезімізде бейсенбі күні салауат айтқызатын:

«Қайрауат, уа қайрауат.  
Бір Алладан шафағат.  
Алламызға мүнәжат,  
Пайғамбарға салауат...»

Сол салауат енді көркемдік түсінік орнына алыныпты. Поэзияның көркемдігін бағалау үшін салауатқа жүгірудің түк орны жоқ» [1, 292 б.].

Ғабит Мүсірепов орнымен қолданбаса, сөз бұзылатынына он-сан мысал келтіреді.

«Кейбір жазушыларымыз «содан соң» деген толық қанды, айқын мағыналы сөзімізді кескілеп-турап «сосын» деп жазады. Бұларынан жаңа ұсыныс туып тұрған жоқ. Бұрынғы бір дұдамалдау ұғынысты аша түсу де жоқ, мағынасы айқын сөздің тұрпатын бұзу ғана бар. Осы «сосын» Әбдіжәмілде көп. Асқар Сүлейменовте аяқ алып жүргісіз. Мұзафарда да баршылық.

Тіліміздің қорында бар сөздерге жаңа мағына беру жолындағы табыстарымызға мен Ісләм Жарылғаповтың «көрермен, оқырман, аялдама» деп қосқандарын орынды да орнықты көремін. Мұхтар Мағауиннің «ірінді суы» да сондай, белгілі түсініктің мағынасын дәл береді» [1, 294 б.].

Жанашыр ел тұлғасы толып жатқан сөз қолданыс, түпкі ұғым тұрғысында кең талқыға тартқан мәселелер қазірде де өзекті. Қайырылып соғып қарайлап, санасып отыратын, ойға шақыратын тураби тоқтамдар замандас қаламгерлерге де, кейінгі буынға да қатысты айтылып отырады. Оралхан Бөкеевтің жазудағы бағытына оң баға бере отырып, тіл қолданыста назарға алып отыруы керек тұстарын ескертеді.

«Бірақ, өзінің тіл қорына Алтай, қытай қазақтарының ескіріп топастана бастаған тілдері әсер еткен бе, қалай, Оралханның тілінде шұбарлық түйіртпектері бар. Мысал келтірейік:

«Пошымы, нәшіні, албаты, кейуана, мүрлеу, бебежік, тоқайрау, салыстыратын, көргейлеп, бейқара, бейнақақ, мауырт, сіңірттік, паруай...». Менің ойымша, бұл сөздердің бірде-бірі бүгінгі өскен әдебиетімізге де, тілімізге де орналаса алмайтын болар...

... Бір кезде Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабиден, Ғали, Асқар, Әбділда, Жақан, Тайыр – бәрінің де қолжазбаларын баспаға берілмей тұрып оқып шығып, айтысқа, пікіралысуға салушы едік. Осы аталған аға жазушылардың бірде-бірінің бір кітабы баспаға дейін оқылмай кеткен емес десем өтірік айтқан болмауым керек.

Академиямызда, университетімізде, педагогика институттарында әдебиеттің ірі мамандары бар. Тіл-әдебиет факультеттерінде болашақта ақын-жазушы болатын студенттеріміз бар. Біз солардың ортасына бір түспей, жазғанымызды баспаға ұсына алмайтын едік. Соңғы жылдарда осы игілікті

әдет біржола тоқталды десем, мұным да жапқан жала бола қояр ма екен!..» [1, 294 б. ].

Ғабит Мүсірепов өзінің әйгілі «Авгейдің ат қорасынан бастайық» атты өзекжарды мақаласында тілдің ұлттық құндылық, мәдени құндылық мәнінде қорғалуы, сақталуы, бұзылмауы, бұрыс айтылмауы тұрғысында өз уақытында көзге шыққан сүйелдей болған көкейкесті мәселелерді күн тәртібіне қойған болатын. Тіл байыту бағытында, термин сөздердің дұрыс қазақшалану міндетіндегі ұсыныс-байламдары қазірде де аса өзекті.

Қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік желі тіліне айналып кеткенін көрсе, Ғабен жағасын ұстар еді...

Тіл сақшысы, тілдік қордың қазына кілтін ұстап отырғандардың ішіндегі ең жауаптысының бірі – жазушы. Қазірде әдеби мұрада қалған сұңғыла қазақ тілін күнделікті айналымда ұстап отырған қазақ қаламгерлерінің аса сақ, аса жауапты миссияда мүлт кеткен жерлері де болып тұрады. Бұл да этномәдени құндылықтардың қазіргі қазақ әңгімесіндегі көркемдік шешіміне тікелей қатысты мәселе.

«Шығарманы лингвистикалық тұрғыдан қарау барысында тілдің эстетикалық әсеріне талдау жасау барысында ғана ол әдебиеттанудың сипатына, әдебиеттанудың қажеттіліктеріне ие болады, яғни қысқаша айтқанда стилистика болады...»

Белгілі әдебиеттанушы Дандай Ысқақұлы «Қазақ тілі – қазақ халқының жүрегі» атты мақаласында қазақ тілінің мәртебесі, Ататүрік түрік тілін қалай қастерледі деген мәселелерге ден қоюдың өзектілігінде ой тарқатады.

«Осы жерде Ататүріктің мына бір сөздері ойға оралады: «Түркия Республикасын құрған – түрік халқы, түрік ұлты. Түрік ұлты деген сөз – түрік тілі деген сөз. Түрік тілі – түрік ұлтының қасиетті қазынасы. Өйткені түрік ұлты өткендегі шексіз бақытсыздықтардың ішінде өзінің адамгершілігінің, дәстүрінің, естеліктерінің, мүдделерінің, қысқасы бүгін өзін ұлт ретінде қалыптастырған барлық қасиетті тілінің арқасында сақталғанын көріп отыр. Түрік тілі – түрік халқының жүрегі, ақыл-ойы». Бізде де мәселеге осылайша келуіміз керек.

Ататүрікше айтқанда, Қазақстан мемлекетін құрған – қазақ халқы, қазақ ұлты. Қазақ ұлты деген сөз – қазақ тілі деген сөз. Қазақ тілі – қазақ ұлтының қасиетті қазынасы. Өйткені қазақ ұлты өткендегі шексіз бақытсыздықтардың ішінде өзінің адамгершілігінің, дәстүрінің, естеліктерінің, мүдделерінің, қысқасы бүгін өзін ұлт ретінде қалыптастырған барлық қасиетті тілінің арқасында сақталғанын көріп отыр. Қазақ тілі – қазақ ұлтының қасиетті қазынасы. Сондықтан да Қазақстанды өзінің ұлттық мүдделерін қорғайтын мемлекет ретінде құрған қазақ ұлты екендігі мойындалып, оның тілі төрге шығып, салтанат құрмайынша, еліміз өркендеп, ұлттық рухани құндылықтар негізінде ұлттық мәдениетіміз, әдебиетіміз дами қояды дегенге сене қою қиын; мен өзім сенбеймін» [2, 391 б.].

«Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі осы елдің түпкілікті иегері және атауын беріп отырған қазақ ұлтының ана тілі болып табылады. Сонда қазақ тілінің әлеуметтік-лингвистикалық қызметіне,

ендігі ретте тек қазақ этносының ғана емес, Қазақстанда тұратын барлық этностардың құндылығы болатындай аксиологиялық жүйені құрау міндеті де соған бағытталған қызмет атқаруы керек» [3, 80 б.].

Бұл мақала мемлекеттік тілді оқытудың кезеңдерінің басты бағыттарының бірі – этносаралық мәдениетті қазақ тілін дамытудың негізгі тірегі етіп алудың ғылыми және тәжірибелік жолдарын сақтау бағдарламаларына орай жазылған.

Бұл өз алдына мәселе. Осы мақалада автор келтірген Ахмет Байтұрсынұлының тілге қатысты айтқан тоқтамы төңірегінде қазіргі қазақ әңгімелері ұлттық құндылық — Ана тілімізді ұқсатып айтып отыр ма деген мәселе бойынша нақтылы қаламгерлер туындыларын саралап көруге тура келді.

«Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Айта алатын адамы табылса, тіл шама-қадырынша жарайды. Бірақ айта алатын адам табылуы қиын» (Ахмет Байтұрсынұлы).

Мақала авторы Н.Ж. Құрманды толғандырған мына бір түйткілді жай қазіргі қазақ әдеби тіліне, көркем әдебиет стиліне де аса қатысты деуімізге болады.

«Бұл күнде мемлекеттік қызметшілердің өз қызметтерінде қазақ тілін мол байлығымен, қалыпты стильде, орыс тілімен тең дәрежеде қолдана алмауы үлкен сұрақтар туғызып отырғаны аян. Бұл, бір жағынан, үлкен әлеуметтік-лингвистикалық мәселе, екінші жағынан, қазақ тілінің этномәдени бай мұрасының жаңа заман қызметін атқара алмай жатыр ма деген сұрау туғызатын этнопсихоллингвистикалық мәселе болып табылады.

Қазақ тілінің бай әрі толыққанды жүйе ретінде өзінің ішкі (интралингвистикалық) мүмкіншіліктерімен қабысуына ұмтылатыны белгілі» [3, 51 б.].

Автор осы бағытта айрықша мәнді бір құбылысқа тоқталып өтеді.

«Ендігі басты да бірегей міндет – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мемлекеттілігімізді танытатын аса маңызды атрибутына шынайы айналуы қажетті барлық шараларды атқару.

Аталған жүз тараулы шарттың әрқайсысын санамалап таратып, олардың орындалуын әдістері мен әдістемелік тұтас жүйесін анықтап, жолға түсіру – ғылыми тұрғыдан зерттеліп, тәжірибелік тұрғыдан өмірдің сан саласына енгізілуін талап ететін, сол үшін қолдан келген күшті аянбай сарп ететін зор жұмыс. Бірақ сол зор жұмыс тегіс атқарылмаса, кезінде дүниені дүрілдетіп тұрғанымен, көптеген дамыту шарттары орындалмаған себепті жойылып, тарихтың шаңына батып кеткен тілдердің қатарына түсу қаупі бар екендігін де санамызға айқын етіп жазып алуымыз керек. Қазақ тілінің жер астында қанша жатса да, табылғанда сол қасиетін қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиямен тікелей байланыстардың тиімді жолдарын табудан үміт ете отырып, айтуымыз керек. Ол – қазақ тілінің кумулятивтік қызметінің әлі де болса жүрегі дүрсілдеп атқарып отырған қызметі.

Құдайберген Жұбанов қазақ тілін зерттеуде геологияның палеонтологиялық әдісін ұстанатын болсақ, жазба тілден емес, ауызекі сөйлеу тілінен әлі де көрініс беретін сонау мыңжылдықтардан бері келе жатқан мәдениеттің, тарихтың, психологияның, философияның көрінісін тануға, табуға болатынын айтып кеткен болатын» [4, 30 б.].

... Қазақтың жеріне Құдіретті күш иесінің рақымы молынан түскен деп айта аламыз. Қазақ жері адамзат өркениетінің тал бесігі болғанынан, дүниенің жарық сәулесін діни таным тұрғысынан әлемге тарата алған орталық нүктесі болғанынан хабар, мәлімет беретін көптеген деректер бар. Олар – мүлгіп жатқан қорғандар, олар – әлі ашылмай жатқан, шөп басып кеткен қыраттар мен тау-тас аңғарларындағы ата-бабалардың жүріп өткен іздері. Олар – қазіргі қазақтар сөйлеп жүрген сөйлеу тіліндегі ежелгі тілдік құрылымдар» [3, 81 б.].

Автор Қазақстандағы жер атауларының жекелеген деректерін арғы замандар, «Авеста» жәдігері тілімен сабақтастыра қарау бағытында бірнеше сөздің этимологиясын қисындайды. Мұндағы мақсаты қазақ тілінде сақталған этномәдени құндылықтарды, яғни ата-бабамыздан қалған материалдық, рухани және әлеуметтік құндылықтарды, тану және қолдану, оны болашаққа жеткізу үшін әсіресе мемлекеттік қызметшілердің терең біліктілігі мен жанашырлығы керек екендігін айту.

Біздіңше, бұл ұлттың әрбір жеке өкіліне, соның ішінде қазақ сөз өнерінің өкілдеріне де қаратылып та айтылуы әбден ықтимал құбылыс.

### **Талқылау**

Тіл тарихы – әдебиет тарихы.

Шерхан Мұртазаның, Қабдеш Жұмаділовтің, Асқар Алтайдың, Думан Рамазанның, Нұрғали Ораздың жеке әңгімелеріндегі тіл қолданыс тәсілдеріне, жазушының тіл ұқсату шеберлігіне, сөзжасамдық тәжірибелеріне зер салдық.

Қабдеш Жұмаділовтің «Құзғынның өлімі» әңгімесінде [5] қазақтың су жорға сұлу тілін ұқсатып, керегінде шашау шығармай, сарандықпен, қажетінде шалқар жомарт пейілмен «шашып-төгіп» кәдеге жаратып отырған.

Құзғынның «шалғысы қысқа, доғал қанаттары» суретті көрініс. Қазіргі жылдам бейнекөшіргіштерден де шапшаң көкейінде, көзінде қонақтап, қатып қалады. Бір кездегі көмірдей жылтыраған қанат құйрықтың енді бозаң тартқан құбылысы демде сөз алдыңнан өте шығады. Тырнағы тұқыл, әлжуаз аяқтарды дәп жаныңнан көресің, сезінесің. «Жер бедері күңгірт тартып, **жем қарасы** (астын сызған – Г.О.) көрінбесе, аспанға көтерілгенде не бітіресің?».

**Жем қарасы.** Бұл – авторлық тіркес. Жазушы жанынан тапқан ұтымды ұғым. **Қарасы** сөзі жанды затқа тиесілі. Құзғын жеміне қатысты *жем қарасы* атаулы тіркесі ұтымды.

Жазушы кәрі құзғынға «ой ойлатқанда», қанатын сабаулай қаққысып аспанға көтергенде де ұлттық ұғым, астарында тарих, этностың тұрмыс ерекшелігі, көшпендінің өміртанымы тұнған сөздерді, ұғым, атауларды сақтықпен сайлап, орнымен жұмсап отырады.

**Сабаулай қағып** – қазақтан басқа білмейтін, қазақтан басқа көрінісін көзімен ұғына алмайтын әрекет, шапшаң динамика, жердегі жүн сабайтын құралдың көктегі әрекетте де кәдеге жарауы.

Осылай сіміре, сіңіре құзғын стихиясына енді-енді ене түсіп, шығарма шырғауына іліге бергенінде орынсыздау қолданылған, қазақтың қабырғалы, тілді біреу білсе – сол біледі дейтін саңлақ жазушының бір қолданысының тұсында кідірістеп қаласың. Оқушы, бәлкім, осылай да айтылатын болар деп те ойлайды. Бірақ... Бір қарын май, бір құмалақ туралы ойлағанын да іркіп қала алмайды.

«Тек бір нәрсеге ат қоймай, айдар тақпай жүрмейтін қазақтар: «құзғын мың жасайды» деп есептейді. Заты, осы сөзде жан бар дейтініміз: мына құзғынның **әке-шешесі** (астын сызған – Г.О.) – сонау Шыңғыс хан заманын өз көзімен көргендер». Құзғынның **әке-шешесі** болатыны рас. Бірақ осылай атала ма? Құстың тұқым-тұяғына қатысты атауларды білу керек екен.

Жазушы тілінде жергілікті тіл ерекшеліктері ұтымды қолданысқа түседі. Сондайда сөзге сілтеме түсінігін бергеннің артығы жоқ сияқты. «Қоян неден секем алды екен деп, құзғын қалықтай айналып, сол маңайды тағы бір сүзіп шықты. Жерде **сөдегей** (астын сызған – Г.О.) ештеңе байқамайды». Осындағы **сөдегей** сөзін қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен таба алмайтындығымыз даусыз. *Көк серісі бүркіт, ақсүйек құстар, зипа бойын, көк мұхиты, қанат суытты, көліктің көзі* жазушы туындыларындағы тапқыр теңеулер, оралымды сөз айшықтаулар туралы арнайы мақала жазуға болады. Осындай «қазына» қазақ сөзінің құнын қорғап келе жатқан кәнігі жазушылардың қай-қайсысында да қойма-қойма.

### **Қорытынды**

Тақырып ауқымында қазіргі әңгіменің тілдік этномәдени құндылықтар тұрғысында саралау дәстүрлі негізінен көркем туындының тілдік сипаты, тіл қолданыс, сөз айшықтау, сөзжасамдық бағыттарда қалыптасып отырғандығы белгілі. Тілдің этномәдени құндылық мәнінде қарастырылуы осы бағыттардың барлығын да қамтиды.

Бұл мақалада қазақ тілінің этномәдени құндылық мәніндегі мәртебесін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу міндетін емес, көркем шығарма тілі мәніндегі қолданыс заңдылықтарының қазіргі кезеңдегі қалыптасып отырған көркемдік өрісі тұрғысында жалпы ақпарат беру, өзекті, түйткілді фактілерге назар аудару бағытында жекелеген пайымдаулар жасауға тәуекел еткендігімізді ескертеміз.

Жоғарыда өзектілігіне ден қойып, тілге тиек еткен мақаламыздың соңғы түйін сөзі тағы да ортақ мүддеде тоғысатын сөз деп таптық.

«Түптеп келгенде айтарымыз, Қазақстандағы әрбір басқан қадамының астында, күнделікті сөйлеп жүрген сөздің астарында тарих сөйлеп жатыр» [3, 83 б.].

Ұлттың бірегей болмыс, тарихи жады сәулеленіп тұратын қазақ этносының әр сөзі қорғауды, қастерлеуді, орнымен жұмсауды міндеттейді. Сол мәнде әдеби шығармадағы қазақ тілі «қазақша сөйлеп» жүр ме деген мәселе – өзекті.

Қазақ тілінің қаймағын сүзіп қана жазады деген белгілі қаламгерлеріміз тілге сақ қарай ма, Ғабең – Ғабит Мүсірепов өзінің әйгілі «Авгейдің ат қорасынан бастайық» мақаласында айтқанындай, жөнсіз сөзге барудан аман ба

дегендей сауалдың қойылуы орынды. Қазақ әдебиеті ғасырлар бойы ұлттық тілдік қордың асыл қоймасы, берік қорғаны, сақтаушысы болып келеді. Қазірде осыдан 20-30 жыл, одан әрі 40-50 жыл бұрынғы күнделікті өмір айналымында жатық та жарасымды, сыйымды көрінетін тілқолданыс, ұғым атауларының сөйлеу тілінен шеттеп, өгейсіп, қолданыс аясы ендігі жаңа тұрмыс стандарттарына «сәйкес келмей» қағаберіс, қақпайланып, ұмытылып, жоғалып бара жатқанын сезінеміз. Білеміз. Өмір сәулесін бар нұрымен қармауға қарымы жетіп-артылатын сұңғыла, сұлу тіл күнделікті 10-20 сөздің тасасында қалып отыр. Жаһандық пандемия адам мен адам коммуникациясын мүлде шектеді. Әлеуметтік желінің «шала-шарпы», аннан-мұннан бір шалған «жедел» тілі өтімді түсіп отыр.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар. – Алматы: «Evo Press», 2014. – 408 б.
- [2] Ысқақұлы Д. Рухани толғамдар: зерттеулер. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2015. – 404 б.
- [3] Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың этномәдени және әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері // Вестник Карагандинского университета. Серия «Филология». – №3(83). – 2016.
- [4] Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Орта мектептің жоғары класстарына арналған құрал. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 б.
- [5] Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 277 б.

## REFERENCES

- [1] Universal human values in modern literature. – Almaty: «Evo Press», 2014. – 408 p. [in Kaz.]
- [2] Iskakuly D. Spiritual contractions: studies. – Almaty: «Karatau CB» LLP, «Dastur», 2015. - 404 p.
- [3] Kurman N.J. Ethno-cultural and socio-linguistic problems of teaching the Kazakh language // Vestnik of the Karaganda University. Series «Philology». 2016. No.3 (83). – 2016.
- [4] Zhumaliev K. Literary theory. A tool for upper secondary school classes. - Almaty: School, 1969. - 244 p.
- [5] Zhumadilov K. A collection of works in twelve volumes. - Almaty: Kazygurt, 2004. - 277 p.

## ЯЗЫК – ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ ЦЕННОСТЬ

\*Оспанова Г.Т.<sup>1</sup>.

\*<sup>1</sup> старший преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
Алматы, Республика Казахстан,  
e-mail: Maryama140870@gmail.com



**Аннотация.** В статье рассматривается жизненный путь человека как процесс формирования и индивидуального развития в определенном обществе.

Жизненный путь связан с историческими событиями, использованием новых методов в воспитании, изменением образа жизни и системы взаимоотношений, с общечеловеческими ценностями и жизненной программой, являющейся целью и смыслом бытия человека. В этом случае предполагается, что существование человека происходит в этносоциокультурной среде.

Своеобразие каждой этнокультуры заключается в ее составных частях. Например, язык, традиции, нормы, также ценности переходят от одного поколения к другому в виде реального опыта этноса и превращаются в традиции. Картина жизненного пути становится значимой, и человек способен изменять окружающий мир и мир общественных отношений. В современных социокультурных условиях потенциал этнокультуры может быть в полной мере использован для консолидации общества, сохранения единого социального пространства страны, преодоления этнонациональных конфликтов и конфликтов за равенстве этнических культур, а также социализации личности, определения смысловых основ ее формирования и самореализации.

Этнокультура трактуется исследователями как совокупность материальных и духовных ценностей, формирующихся в жизни народа на основе традиций, обычаев, норм поведения, социальных взаимоотношений и других немаловажных факторов.

При этом этнические культуры – это не только традиционные формы жизни, но и система архетипов, мир ценностей, регулирующих отношения человека с природой и обществом.

Данная статья посвящена одному из главных вопросов – обучению государственному языку, программе сохранения научных и практических путей приобретения межэтнической культуры в виде важнейшей основы развития казахского языка.

В статье автор всесторонне рассматривает этимологию определенных слов сопоставляя отдельные данные географических названий Казахстана с языком древних времен, реликвий «Авеста». Цель исследования состоит в том, чтобы подчеркнуть, значимость применения этнокультурной лексики казахского языка, материальных, духовных и социальных ценностей, передающихся на уровне наследия предков, имеющих огромное значение для будущего и требующих высокого профессионализма, квалификации и заинтересованности государственных служащих.

**Ключевые слова:** ценность, язык, культура, народ, этнокультура, культура, традиции, обычаи, нация, лингвистика, искусство слова, общение, писатель.

## LANGUAGE IS AN ETHNO-CULTURAL VALUE

\*Ospanova G.T<sup>1</sup>.

\*<sup>1</sup> senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Republic of Kazakhstan,  
e-mail: Maryama140870@gmail.com

**Annotation.** The article shows that a person's life path is a process of formation and development of personality in a certain society. In addition, the life path is associated with historical events, changes in the ways of education, changes in the way of life and the system of relationships, universal values and life program-goals and meanings in human life. In this case, it is assumed that the existence of a person takes place in an ethnosociocultural environment.

The uniqueness of each ethnic culture lies in its constituent parts. For example, language, traditions, norms, values are transmitted from generation to generation in the form of the real experience of an ethnic group. It becomes relevant in the ability of a person to change his subject world and the world of social relations. In modern socio-cultural conditions, the potential of ethnoculture can be fully used for the consolidation of society, the preservation of a single social space of the country, overcoming ethnic and national conflicts and conflicts, equality of ethnic cultures, as well as the socialization of the individual, determining the semantic foundations of its formation and self-realization.

Ethnoculture is interpreted by researchers as a set of material and spiritual values formed in the life of the people on the basis of traditions, customs, norms of behavior, social relationships and other factors.

At the same time, ethnic cultures are not only traditional forms of life, but also a system of archetypes, a world of values that regulate human relations with nature and society.

This article is devoted to one of the main directions of teaching the state language – programs for the preservation of scientific and practical ways of acquiring interethnic culture as a reference point for the development of the Kazakh language.

The author logically expounds the etymology of several words in the direction of comparing individual data of geographical names of Kazakhstan with the language of ancient times, the relics of "Avesta". The purpose is to emphasize that in order to recognize and apply the ethno-cultural values stored in the Kazakh language, that is, the material, spiritual and social values left over from our ancestors, especially in order to convey them to the future, deep qualifications and compassion of civil servants are necessary.

**Keywords:** value, language, culture, people, ethnoculture, culture, traditions, customs, nation, linguistics, the art of words, communication, writer.